

Сурет 26 –Көмірсілтілі реагенттегі компоненттер қатынасының қоңыр көмір тұтқырлығына әсері

1 – КСР (көмір:сілті=6:1); 2– КСР (көмір:сілті=8:1); 3 - КСР (көмір:сілті=4:1)

Осыған орай реагентке тәуелді қолайлы көмір:сілті қатынасын таңдау керек, талдау нәтижелері 14-кесте келтірілген. Тәжірибеге көмірсілтінің 8:1, 6:1 және 4:1 қатынасындағы көмірсілтілі реагенттермен Боралдай кен орнының сазы қолданылып талдау жасалды.

Кесте 14 –Бұрғылау ерітінділерінің қасиеттері

Сазды ерітіндінің құрамы, %	Ротоционды вискозиметрдің көрсеткіштері, шартты градусы (°)		Субергіш, см ³ /қабықтың қалыңдығы, мм
	Тұтқырлық	ығысу кернеуі	
Қияқты кен орнының көмірі, Боралдай кен орнының сазы № 1 сынама(көмір:сілті = 6:1)	40	12,5	28
-0,5	30	11,1	30/7
-1,0	17,5	4	28
-1,5	18,5	1,8	25
№ 2сынама (көмір:сілті = 8:1)			
-0,5	32	11,7	21
-1,0	22	4,6	15
-1,5	14	2,3	10
-2,0	17,5	2,5	8/3
№ 3сынама (көмір:сілті = 4:1)			
-0,5	27	12,2	
-1,0	16,5	7,3	
-1,5	22	12,4	21/5,5

Алынған мәліметтер бойыншаҚияқты кен орны көміріне8:1 қатынастағы 1,5% көмірсілтілі реагенттің қосқандаБоралдай кен орны сазының тұтқырлығы40-тан 14-ке дейін, кернеудің ығысуы – 12,5-тен 2,3-ке дейін, ал субергіштік – 28-ден 10-ға дейінгі бірлікте төмендейтіндіктері айқындалды. Көмір мен сілтінің мұндай қатынасында бос сілті қалмайды, тотығу, өздігінен қызу және өздігінен тұтану процестері де болмайды.

Қоңыр көмір негізінде алынған реагенттер әсерінің тиімділігін арттыру мақсатында, натрий полифосфаты енгізілген ерітінділермен салыстырмалы тәжірибелер жүргізілді. Ол бұрғылау ерітінділерінің тұтқырлығын төмендету үшін қолданылды.